Бекітемін

Мектеп директоры

Сатиева А.Ч

«___» _____ 2026 ж.

2026–2027 оқу жылына арналған

МҰҒАЛІМ-ДЕФЕКТОЛОГТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Аты-жөні: Тұрдалы Г.

Мұғалім-дефектолог жұмысының мақсаты

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, арнайы педагогикалық қолдау көрсету, танымдық және оқу әрекетіндегі қиындықтарды түзету, оқу дағдыларын дамыту және олардың білім беру ортасына табысты бейімделуіне жағдай жасау.

Мұғалім-дефектолог жұмысының міндеттері

1. Білім алушыларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізу және олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау.
2. Танымдық қызметінің, оқу әрекетінің және психофизикалық дамуының ерекшеліктерін анықтау.
3. Бағалау нәтижелері негізінде жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.
4. Жеке, кіші топтық және топтық түзете-дамыту сабақтарын ұйымдастыру.
5. Білім алушылардың танымдық процестерін, оқу дағдыларын, кеңістіктік түсініктерін және ұсақ моторикасын дамыту.
6. Педагогтермен, ППҚҚ мамандарымен және ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізу.
7. Педагогтер мен ата-аналарға білім алушыларды оқыту және дамыту мәселелері бойынша консультациялық-әдістемелік көмек көрсету.
8. Білім алушылардың даму динамикасын жүйелі бақылау, нәтижелерін талдау және түзете-дамыту жұмысының мазмұнына өзгерістер енгізу.

Мұғалім-дефектолог жұмысының негізгі бағыттары

1. Диагностикалық бағыт;
2. Түзете-дамыту бағыты;
3. Мұғалімдермен және ата-аналармен жұмыс (Консультациялық және ағарту бағыты);
4. Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру;
5. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыты.

Р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Жауапты	Есеп беру нысаны
	I. Диагностикалық бағыт			
1.1	Білім алушылардың ПМПК қорытындылары мен ұсынымдарын зерделеу	Қыркүйек, жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	ПМПК қорытындылары
1.2	Оқуда қиындықтары бар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін арнайы педагогикалық бағалау	Қыркүйек	Мұғалім-дефектолог	Арнайы педагогикалық бағалау хаттамасы, диагностикалық карта
1.3	Танымдық қызметінің даму деңгейін зерттеу: зейіні, есте сақтауы, қабылдауы, ойлауы, қиялы және кеңістіктік түсініктері	Қыркүйек	Мұғалім-дефектолог	Диагностикалық карта, мұғалім-дефектологтің қорытындысы
1.4	Оқу әрекетінің қалыптасу деңгейін бағалау: оқу, жазу, санау, есептеу, нұсқауды түсіну және тапсырманы орындау дағдылары	Қыркүйек	Мұғалім-дефектолог	Білім алушыны тексеру хаттамасы
1.5	Түзете-дамыту жұмысының нәтижелілігін және білім алушылардың даму динамикасын аралық бағалау	Әр тоқсан сайын	Мұғалім-дефектолог	Динамикалық бақылау картасы
1.6	Білім алушылардың оқу үдерісіндегі әрекетін бақылау мақсатында сабақтарға қатысу	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Бақылау хаттамасы
1.7	Оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың даму динамикасын қорытынды бағалау	Мамыр	Мұғалім-дефектолог	Қорытынды диагностикалық карта, салыстырмалы талдау
	II. Дамыту және түзету бағыты			
2.1	Арнайы педагогикалық бағалау нәтижелері негізінде жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру	Қыркүйек, қаңтар	Мұғалім-дефектолог	Жеке дамыту бағдарламалары
2.2	Түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру	Қыркүйек, қаңтар	Мұғалім-дефектолог	Түзете-дамыту бағдарламалары
2.3	Жеке, кіші топтық және топтық түзете-дамыту сабақтарын өткізу	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Сабақ жоспарлары, сабаққа қатысу журналы
2.4	Зейін, есте сақтау, қабылдау, ойлау және қиял процестерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізу	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Түзете-дамыту сабақтарының жоспарлары
2.5	Кеңістіктік, уақыттық және сандық түсініктерді қалыптастыру және дамыту	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Сабақ жоспарлары, білім алушының жұмыс материалдары
2.6	Оқу, жазу, санау және есептеу дағдыларындағы қиындықтарды түзету	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Сабақ жоспарлары, мониторинг нәтижелері

2.7	Ұсақ мотериканы, көру-қимыл үйлесімділігін және графомоторлық дағдыларды дамыту	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Практикалық тапсырмалар, жұмыс дәптері
2.8	Білім алушылардың өз әрекетін жоспарлау, бақылау және бағалау дағдыларын қалыптастыру	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Бақылау картасы, сабақ жоспарлары
III. Мұғалімдермен және ата-аналармен жұмыс (Консультациялық және ағарту бағыты)				
3.1	Ата-аналарға білім алушының даму ерекшеліктері мен анықталған білім беру қажеттіліктері бойынша жеке консультация беру	Сұраныс бойынша	Мұғалім-дефектолог	Кеңестерді тіркеу журналы
3.2	Педагогтерге ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық қолдау көрсету	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Кеңестерді тіркеу журналы
3.3	Педагогтерге оқу тапсырмаларын білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеу бойынша ұсынымдар беру	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Әдістемелік ұсынымдар
3.4	Ата-аналарға танымдық процестерді және оқу дағдыларын үй жағдайында дамыту тәсілдері бойынша кеңес беру	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Кеңестерді тіркеу журналы, жадынамалар
3.5	Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша ППҚҚ мамандарымен бірлескен консультациялар өткізу	Қажеттілігіне қарай	Мұғалім-дефектолог	ППҚҚ отырысының хаттамасы
IV. Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру				
4.1	Ата-аналарды арнайы педагогикалық бағалаудың мақсаты, міндеттері және әдістері туралы ақпараттандыру	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Кеңестерді тіркеу журналы
4.2	Ата-аналарға арналған семинар-тренинг: «Баланың танымдық қабілеттерін үй жағдайында дамыту жолдары»	Қыркүйек	Мұғалім-дефектолог	Анықтама, ұсынымдар, үлестірмелі материалдар
4.3	Педагогтерге арналған әдістемелік семинар: «Оқуында қиындықтары бар білім алушыларға тапсырмаларды бейімдеу тәсілдері»	Қазан	Мұғалім-дефектолог	Анықтама, әдістемелік ұсынымдар
4.4	Семинар-практикум: «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың танымдық белсенділігін арттыру әдістері»	Желтоқсан	Мұғалім-дефектолог	Анықтама, практикалық материалдар
4.5	Ата-аналарға арналған тренинг: «Ойын арқылы зейін, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту»	Қаңтар	Мұғалім-дефектолог	Анықтама, ата-аналарға арналған ұсынымдар
4.6	Педагогтерге арналған шеберлік сағаты: «Инклюзивті сыныптағы сараланған және жеке оқыту тәсілдері»	Наурыз	Мұғалім-дефектолог	Анықтама, әдістемелік материалдар
4.7	Арнайы педагогика және инклюзивті білім беру бағыттары бойынша кәсіби әдебиеттерді зерделеу	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Әдістемелік жинақ, материалдар
4.8	Біліктілікті арттыру курстарына, семинарларға және вебинарларға қатысу	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Сертификаттар

	V. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт			
5.1	ППҚҚ кабинетін оқу-әдістемелік, диагностикалық және арнайы түзете-дамыту құралдарымен жабдықтау	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Оқу-әдістемелік және арнайы құралдар
5.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды мектепішілік және сыныптан тыс іс-шараларға қатыстыруға ықпал ету	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Фотоесеп, қатысушылар тізімі
5.3	Мұғалім-дефектологтің міндетті құжаттарын рәсімдеу және жүйелі жүргізу: жылдық жоспар, сабақ кестесі, диагностикалық материалдар, жеке және түзете-дамыту бағдарламалары, сабаққа қатысу және консультацияларды тіркеу журналдары	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Жоспарлар, бағдарламалар, кестелер, журналдар
5.4	Білім алушыларға оқу-тәрбие және түзете-дамыту көмегін көрсету бойынша педагогтерге ұсынымдар әзірлеу	Тоқсан сайын	Мұғалім-дефектолог	Әдістемелік ұсынымдар
5.5	Пәнаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында ППҚҚ отырыстарына қатысу	Тоқсан сайын	Мұғалім-дефектолог	ППҚҚ отырыстарының хаттамалары
5.6	Сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен, педагог-психологпен, педагог-логопедпен және педагог-ассистентпен бірлескен жұмыс жүргізу	Жыл бойы	Мұғалім-дефектолог	Бірлескен жұмыс материалдары, ұсынымдар
5.7	Түзете-дамыту жұмыстарының жартыжылдық нәтижелеріне талдау жүргізу	Қаңтар	Мұғалім-дефектолог	Жартыжылдық есеп
5.8	Мұғалім-дефектологтің жылдық қорытынды есебін дайындау	Мамыр	Мұғалім-дефектолог	Жылдық қорытынды есеп

Мұғалім-дефектолог: Тұрдалы Г.